

Хаттама №4

Көсембай негізгі мектебінде желтоқсан айының 24-і күні қамқоршылық кеңес отырыс болды.

Қатысуға тиіс: 11

Қатысқаны: 11

Күн тәртібінде

- Жаңа жыл мерекесінің тойлану тәртібі;
- Мектеп директорының жылдық есебі.

Тыңдалды: Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Л.Шутенова.

Жаңа жыл мерекесін тойлау жылдағыдан биылғы жылы да мектебімізде тойланады. Тойлану жоспары бекітілді. Мектебімізде жаңа жыл мерекесін тойлау 25-28 желтоқсан аралығында жоспарланып отыр. Алдымен 25 желтоқсан күні ауданда өтететін әкім шыршасына мектебімізден 4 окушы қатысқалы отыр. Ол окушылар мектебімізде бекітілген комиссия шешімімен аудандық шыршаға қатысуға барлық талапқа сай болғандықтан ұсынылып отыр. Олар мүмкіндіші шектеулі окушы 4-сынып окушысы Даuletov Данабек, Аз қамтылған отбасы балаларынан 4-класс окушысы Боранбай Айдана, Көп балалы отбасы балаларынан Қанат Айман 8-класс окушысы, 4-класс окушысы Сейткереев Мейрамбек. Ал мектебімізде 25 желтоқсан күні сағ: 14⁰⁰-де шағын орталық тәрбиеленушілері, 26 желтоқсан сағат 10⁰⁰-де даярлық, 1 сынып, сағ: 14⁰⁰-де 3-4 сынып окушыларының, 27 желтоқсан күні сағ: 10⁰⁰-де 5-6 сынып, сағ: 14⁰⁰-де 7-8-9 сыныптардың жаңа жылдық мерекесі жоспарланып отыр. Сыйлық ақшасы жалпы мектеп бойынша келісіліп бекітілді. Сыйлықтарды уақытылы алғып жеткізу үшін мектеп ата-аналарынан комиссия мүшелері бекітілді.

Сөйлеуші: Қамқоршылық кеңесінің мүшесі: Қ.Имагамбетова. Аудандық әкім шыршасына баратын окушылар шыныменде талапқа сай. Ол окушылардың ата-аналарында ауылда жұмыспен қамтылмаған. Оны күнделікті байқап, көріп отырмыз. Балалары сабакты жақсы оқып, мектептің қоржының жетістіктерге толтырып жүрген мектебіміздің мақтаныштары.

Тыңдалды: Мектеп директоры: Ы.Қосдаuletov (қысқартылып алынды) Өткен жыл мектебіміз үшін жемісті де, жеңісті жыл болды деп айтсам артық емес. Қазіргі таңда мектебімізде 26 педагог қызметкер мектебімізде балаларға сапты білім, саналы тәрбие беру жолында қызмет етуде. Оның ішінде 19 жоғары, 7 арнаулы орта, қалғандары аяқталмаған жоғары білімді мұғалімдер.

Жалпыға бірдей міндетті оку талабын орындау мақсатында тамыз есебі жүргізіліп, 0-18 жас балалар тізімі алынып, бірінші сыныпқа окушылар жасына сәйкес қабылданды. Мектепте 5 мұғалім деңгейлік курсы бітірді. Олар Аққошқаров Ерсайын, Дарибаева Шара, Нұргалиев Есмұхан, Сұлтанғалиева Жанар, Керей Айнагүл.

Жыл басындағы педагогикалық кеңестер бекітілген жоспарға сәйкес жүргізілді. Мұғалімдергеде кәсіби білімін жетілдіру жұмысына де ерекше мән беріледі. Аудандық аттестаттау комиссиясының шешімімен 3 мұғалім (Аққошқаров Е, Азанова Ш, Дарибаева Ш), педагог зерттеуші біліктілік санатына, 3 мұғалім (Сафина А, Елемесова М, Таждауов С) педагог-модератор санатына өтті. Окушыларымызда, ұстаздарымызда өздері қатысқан түрлі байқауларынан үнемі жүлделі орныдармен оралады. Атап айтсақ Ауданды өтілген «Үздік

орыс тілі мұғалімі» байқауынан А.Урынбаева 2 орынмен оралса, «Үздік жас маман» байқауының аудандық кезеңінен Таждауов Серік 1-орын, Облыстық кезеңінен 2-орынмен оралды. «Директордың үздік тәбие орынбасары» байқауынан Л.Шутенова аудандық облыстық кезеңінен 1-орын, «Парасатты отбасы» байқауының аудандық кезеңінен Нұрдаулетовтер отбасы 1-орын, облыстық кезеңінен алғыс хатпен марапатталды. Тағы осы сияқты көптеген жетістіктеріміз бар. Окушылар бойынша 4-сынып оқушылары биылғы жылы «Кішентай білгірлер» олимпиадасынан 2-орын, Аудандық пәндік олимпиадада математика пәні бойынша 9-класс оқушысы Б.Серікбаев, ағылшын пәнінен 9-класс оқушысы О.Алпысбаев алғыс хатпен марапатталды. Аудандық «Ақберен» байқауының ақындар мүшэйрасы бағыты бойынша Серікбаев Бекасыл аудандық кезеңінен 1-орын, облыстық кезеңінен 2-орынмен марапатталды. Облыстық «Тәуелсіздікке тарту» көркем сез оқу байқауынан 4-класс оқушысы Боранбай Айдана 1-орынмен, аудандық кезеңіненде 1-орынмен, Елбасы құніне арналған аудандық байқауда 1-класс оқушысы Аскар Ақыл 2-орынмен марапатталды. Осындай толағай жетістіктеріміз жетерлік.

«Туган жерге тағзым» бағдарламасы аясында мектепте де бітқатар шаралар аткарылды. Соның ішінде «Рухани жаңғыру» стенді жасақталып, трибуна т.с.с алынды.

Қазіргі таңда мектеп тренері Ш.Дарибаевың жетекшілігімен «Мұғалім тәжірибесіндегі іс-әрекетті зерттеу» тақырыбындағы курс жүргізілуде. Аталған мұғалімнің жетекшілігімен жаратылыстану және гуманитарлық бағыттар бойынша Lessyn Stady зерттеу сабактары жүргізілуде.

Сөйлеуші: Қамқоршылық кеңесінің төрағасы: Т.Сисенов. Мектепте жүріп жатырган іс-шаларалармен, жалпы мектептің тыныс тіршілігімен күnde көріп араласып жүргендіктен жақсы таныссыз, өте жақсы білеміз. Мектептегі «Ашық есік» күндеріне үнемі қатысамыз. Тыйым салынған заттарды пайдаланбау, Құқықбұзушылықтың алдын алу, балалар қаупсіздігін сақтау, жол жүру ережелері, түрлі тақырыптарданы тәрбиелік іс-шараларда жолға қойылған мектепте үнемі қатысып, пікірлерімізben бөлісіп отырамыз. «Тұнгі қаладағы балалар» т.с.с тұнгі рейтерге де шығып атсалысып жатырмыз. Жалпы мектеп оқушыларының тәртібі, ата-аналардың іс-шараларға қатысмы бәрі жақсы көріп риза болып отырамыз. Мұның барлығы мектебіміздегі басшылықтың талапшылдығынан деп санаймын.

Шешім:

- Жаңа жыл мерекесін тойлау жоғары жауапкершілікпен талапқа сай ұйымдастырылсын;
- Мектеп директорының жылдық есебі есепке алынсын.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы:

Мүшелері:



Т.Сисенов

Ә.Бисенова

С.Даuletov

К.Имагамбетова

Б.Бисенов

Ж.Аймова

Ә.Саликова

К.Имагамбетов

Н.Батыргалиев